

"Зираттарға және жерлеу мақсатындағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 19 тамыздағы № ҚР ДСМ-81 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 23 тамызда № 24066 болып тіркелді.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 94-бабының 4-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 113) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

Ескерту. Преамбула жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 21.04.2025 № 39 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған "Зираттарға және жерлеу мақсатындағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары бекітілсін.

2. Мыналардың:

1) "Зираттарға және жерлеу мақсатындағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 26 ақпандағы № 138 бүйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10646 болып тіркелген);

2) "Санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыру мен жүргізудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 5 шілдедегі № ҚР ДСМ-78/2020 бүйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бүйрықтарының тізбесінің 1-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20935 тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс қуні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі

A. Цой

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Ақпарат және қоғамдық даму
министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2021 жылғы 19 тамыздағы
№ ҚР ДСМ-81 бұйрығымен
бекітілген

"Зираттарға және жерлеу мақсатындағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалар

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Зираттарға және жерлеу мақсатындағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалар (бұдан әрі – Санитариялық қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі туралы ереженің (бұдан әрі – Ереже) 15-тармағының 113) тармақшасына сәйкес әзірленді және зираттарды, жерлеу мақсатындағы объектілерді жобалауға, күтіп-ұстау мен пайдалануға, мәйіттерді жерлеуді және қайта жерлеуді ұйымдастыруға және діни объектілерде шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантин енгізу кезеңіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 21.04.2025 № 39 (алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы санитариялық қағидаларда мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылды:

1) ғибадат үйі (ғимараты) – құдайға құлшылық етуге, дұға оқылатын және діни жиналыштарға, діни тәу етуге (мінажат етуге) арналған орын;

2) діни объектілер – қызметі діндарлардың діни қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған объектілер;

3) жабық зират – жерлеу аймағы жаңа жерлеу орындарын құру үшін толығымен пайдаланылған зират;

4) жерлеу бюросы, жерлеу қызметін көрсететін бюро-дүкендер (дүкендер) – қаралы рәсімдер жүргізу үшін тауарлар өткізу және қызмет көрсету бойынша объектілер;

5) жерлеу мақсатындағы объектілер – халықта салттық қызмет көрсетуге арналған объектілер (зираттар, крематорийлер, колумбариялар, жерлеу бюrolары және жерлеу қызметін көрсететін бюро-дүкендер (дүкендер));

6) зират – қайтыс болған адамдарды немесе олардың сүйегін жерлеу үшін арнайы бөлінген аумақ;

7) зират әкімшілігі – зират ұстасу және пайдалану жөніндегі ұйымдастырушылық-әкімдік және әкімшілік-шаруашылық функцияларды жүзеге асыратын жеке немесе занды тұлға;

8) көму (жерлеу) – санитариялық, табиғатты қорғау, қала құрылышы және өзге де қағидалар мен нормаларға қайшы келмейтін, қайтыс болған адамның тілегіне, діни сеніміне, әдет-ғұрыпқа және салт-дәстүрге сәйкес қайтыс болған адамның денесін (сүйегін) жерге (қабірге, табытқа) жерлеу немесе сүйегі (кулі) бар урнаны қабірге, табытқа жерлеу арқылы отқа жағу (кремациялау) бойынша әдет-ғұрып әрекеттері;

9) қабір – қайтыс болған адамдарды немесе олардың сүйегін жерлеу орыны;

9-1) колумбарий – қайтыс болған адамдарды кремациялаудан кейінгі күлі бар урналарды сақтау орыны;

9-2) колумбарий қуысы – жерлеу урнасы орнатылатын колумбарийдегі ұяшық;

9-3) крематорий – қайтыс болған адамдарды кремациялауға (өртеуге) арналған пештермен жабдықталған технологиялық кешен;

10) сүйек – мәйіттің шірімеген қалдықтары.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 21.04.2025 № 39 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Зираттарды, жерлеу мақсатындағы объектілерді жобалауға, күтіп-ұстаяуға және пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

3. Зираттарды:

1) сумен жабдықтау көздері мен минералды көздерді санитариялық қорғау аймақтарының бірінші және екінші белдеулерінің;

- 2) курорттарды санитариялық қорғанудың бірінші және екінші аймақтарының аумақтарында;
- 3) су басатын, сырғымаларға және құламаларға бейім, батпақты участекерге;
- 4) шаруашылық-тұрмыстық қажеттілік, шомылу және басқа да мәдени-сауықтыру іс-шаралары үшін халық пайдаланатын I және II санаттардағы су қоймаларының жағалауларында;
- 5) күйдіргі бойынша стационарлық қолайсыз пункттерінің аумақтарында;
- 6) гамма-сәуленің тиімді дозасының қуаты ашиқ жерлерде доза қуатынан сағатына 0,2 микроЗиверттен асатын аумақтарда орналастыруға жол берілмейді.

4. Зираттар зираттың қоршауынан есептегендегі:

- 1) бірінші тұрғын және қоғамдық ғимараттарға, спорттық-сауықтыру және санаториялық-курорттық аймақтарға дейін кемінде 300 метрді құрайтын;
- 2) су көзін санитариялық қорғау аймақтарының белдеулері мен сүзу уақытын есептеулерімен арақашықтықтың жеткіліктілігін растай отырып, халықты ауызсумен жабдықтау көзіне дейін кемінде 1000 метрді құрайтын қашықтықта орналастырылады.

Жабық зираттар мен жерлейтін мемориалдық кешендер үшін бірінші тұрғын және қоғамдық ғимараттарға, спорттық-сауықтыру және санаториялық-курорттық аймақтарға дейінгі қашықтық кемінде 100 метрді құрайды.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - КР Денсаулық сақтау министрінің 21.04.2025 № 39 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Жерлеудің жалпы алаңы зираттың жалпы алаңының 65-70 пайызы есебінен қабылданады.

6. Зиратқа арналған участекінің тұрган орны және оның көлемі елді мекенде жоспарлау және салу жобасында зират аумағын тікелей ол жабылғаннан кейін саябақ немесе бақ салуға пайдалану мүмкіндігін ескере отырып көзделеді.

7. Жерлеу бюrolары, жерлеу қызметін көрсететін бюро-дүкендер (дүкендер) (қурамында қайтыс болғандардың денелерін сақтауға, оларды жерлеуге дайындауға, қоштасу рәсімін өткізуге арналған үй-жайлары бар) тұрғын және қоғамдық ғимараттардан кемінде 50 метр қашықтықта бөлек тұрган ғимараттарға орналастырылады.

8. Зират аумағы және жерлеу қызметін көрсететін ғимараттарға кіреберістер қоқыс жинауға арналған урналармен, контейнерлері бар алаңдармен Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндеттін атқарушының 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № КР ДСМ-331/2020 бұйрығына сәйкес бекітілген "Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинауға, пайдалануға, қолдануға, залалсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына сәйкес қамтамасыз етіледі.

9. Қабірлерді жобалау және салу:

1) қабірлердің участелері арасындағы қашықтық ұзын жақтары бойынша кемінде 1 метрді, ал қысқа жақтары бойынша кемінде 0,5 метрді құрайды;

2) қабірдің терендігі топырақтың сипатына және топырақ асты суларының деңгейіне байланысты белгіленеді және жер бетінен табыттың қақпағына (бар болған жағдайда) дейін кемінде 1,5 метрді құрайды. Барлық жағдайларда қабірге арналған белгі жер асты суларының деңгейінен 0,5 метрге жоғары болады;

3) аса қауіпті инфекциялардан қайтыс болғандар үшін қабірдің терендігі 2 метр деңгейінде белгіленеді, бұл ретте түбіне кемінде 10 см қабатпен хлорлы әк төгіледі;

4) әрбір қабірдің жер бетінен 0,5 метрге биік үймесі (бұдан әрі – қабір үсті төмпешігі) болады. Қабір үсті төмпешігі қабірді атмосфера суларынан қорғау үшін оның шеттерін жауып тұруы тиіс.

10. Қайтыс болған адамдарда аса қауіпті инфекциялық ауру (куйдіргі, конго-қырым геморрагиялық қызбасы) болмаған жағдайда жерленген сәтінен бастап алғашқы екі апта ішінде кейіннен үш жылдан ерте емес, құмдауыт жерлерде бір жылдан ерте емес халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның келісімі бойынша қайта жерлеуге жол беріледі.

11. Сүйек алынған жағдайда қабір дезинфекцияланады және топырақ себіледі, ал қабірден алынған сүйек қақпақты жәшіктерде тасымалданады, табыт жәшікке салынады және жана орынға тасымалданады. Жерлеу жүргізілген табыт зақымданған (сақталмаған) жағдайда, табыттың қалдықтары арнайы бөлінген орындарда өртеледі.

12. Қайта жерлеумен айналысатын адамдар:

1) сіреспеге және күйдіргіге қарсы егіледі;

2) арнайы киіммен және аяқ киіммен, жеке қорғаныш құралдарымен (резенке етік, резенке қолғап, респиратор немесе ауыз бен мұрынды жабатын дәке таңғыш, комбинезон) қамтамасыз етіледі.

13. Арнайы киімді үй жағдайларында жууға және залалсыздандыруға жол берілмейді, ал жұмыс жүргізу кезінде қолданылатын құрал зираттан тыс шығарылмайды.

14. Арнайы киім және арнайы аяқ киім эксгумация бойынша жұмыс аяқталғаннан кейін арнайы бөлінген орындарда тазартылуға және дезинфекциялануға жатады немесе өртеледі. Дәке таңғыштар эксгумация бойынша жұмыс аяқталғаннан кейін өртеледі.

15. Эксгумацияланған қалдықтарды тасымалдағаннан кейін көлік "Аса қауіпті инфекциялық аурулардың алдын алу бойынша санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 12 қарашадағы № КР ДСМ-114 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 25151 болып тіркелген) талаптарына сәйкес дезинфекциялауға жатады.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - КР Денсаулық сақтау министрінің 21.04.2025 № 39 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Этиологиясы белгісіз инфекциялардан және аса қауіпті инфекциялардан қайтыс болған адамдарды жерлеу мырышталған, түмшаланып дәнекерленген табыттарда жүргізіледі.

17. Зиратты және қабірлерді көшіру кезінде аумақтарды (учаскелерді) рекультивациялау жүргізіледі. Тұрғын үй аумағын жоспарлау үшін қабірлердің жойылатын орындарының топырақтары пайдаланылмайды.

18. Құрылыш жұмыстарын жүргізу кезінде бұрын белгісіз болған қабірлер анықталған жағдайларда мәйіттің сүйегін қайта көму және аумақты рекультивациялау қажет.

19. Зираттардың аумағы оны көшірген сэттен бастап жиырма жыл өткен соң пайдаланылады. Аумақ бұл жағдайларда тек жасыл көшеттер үшін ғана пайдаланылады.

3-тaraу. Шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантин енгізу кезеңінде діни объектілерге қойылатын талаптар

20. Діни объектілерде (бұдан әрі – объект) діни ғимараттардың (құрылыштардың) персоналына сауалнама жүргізу және термометрияны жүзеге асыру арқылы бақылау жүргізуге жауапты адам объект әкімшілігінің бұйрығына сәйкес тағайындалады.

21. Инфекцияның таралуына жол бермеу мақсатында жіті респираторлық инфекциялар (қызба, жөтел, мұрынның ағуы) және басқа да инфекциялық аурулар белгілері бар персонал тұрғылықты жері бойынша медициналық ұйымға тексеру үшін жіберіледі.

22. Объектінің әкімшілігі ғибадат ғимараттарының (құрылыштарының) персоналын бір рет қолданылатын медициналық немесе мата маскалардың (бұдан әрі – маска) жеткілікті қорымен, сондай-ақ қолды өңдеуге арналған дезинфекциялық сулықтармен, тері антисептикерімен, дезинфекциялау құралдарымен қамтамасыз етуді ұйымдастырады. Пайдаланылған жеке гигиена заттарын уақтылы кәдеге жарата отырып, әрбір 3 сағат сайын маскаларды ауыстыру есебінен қызметкерлерді маскалармен қамтамасыз етуді ұйымдастырады.

23. Діни объектілерде персонал мен діни қызметшілердің маска киоі қамтамасыз етіледі.

24. Ғибадат үйлеріне (құрылыштарына) кіруге міндетті тұрде маска болған жағдайда рұқсат етіледі.

25. Келушілердің қолдарын өңдеу үшін көрінетін және қолжетімді орындарда (кіреберісте, санитариялық тораптарда, құдайға құлышылық етуге арналған үй-жайларда,

дәрет алуға арналған және діни мақсаттағы заттарды таратуға арналған бөлмелерде) тері антисептикері, санитайзерлер орнатылады.

26. Ғибадат үйлерінде (құрылыштарында) намаз оқу бір адамға 4 метрден кем емес есеппен қашықтықты сақтау кезінде жүзеге асырылады.

27. Келушілердің қозғалысын бағыттау үшін еденге тиісті белгілер, қоршаулар мен тосқауыл ленталар салу, адамдар жиналуды мүмкін жерлерге жол бермеу арқылы әлеуметтік қашықтықты сақтау қамтамасыз етіледі;

28. Діни салт-жораларды орындау үшін бөлінген бөлмелерде санитариялық-гигиеналық нормалардың сақталуды қамтамасыз етіледі.

29. Ауа температуrasesы мен ылғалдылығының онтайлы жағдайларын қамтамасыз ету үшін ауа ортасын желдету және баптау жүйелеріне ревизия (тазалау, жуу, дезинфекциялау, сұзгілерді ауыстыру) "Желдету мен ауаны баптау жүйелерін дезинфекциялауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № ҚР ДСМ - 95 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24230 болып тіркелген) талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 21.04.2025 № 39 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

30. Тәулік ішінде күніне кемінде 5 рет еселікпен ұзақтығы кемінде 15 минут барлық үй-жайларды тұрақты желдету жүргізіледі.

31. Келушілер көп жиналатын жерлерде ауаны үнемі заарсыздандыру мақсатында бактерицидті шамдар (келушілер мен персонал болмаған кезде пайдаланылады) және (немесе) ауа рециркуляторлары (адамдардың қатысуымен пайдалануға рұқсат етіледі) пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарға сәйкес қолданылады.

32. Ғибадат ғимараттарының (құрылыштарының) үй-жайларында дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, күн сайын жинау жүргізіледі. Дезинфекциялау құралдарымен жұмыстың барлық түрлері ылғал өткізбейтін герметикалық қолғаппен орындалады.

33. Дезинфекциялау жүргізу үшін белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы мен Еуразиялық экономикалық одақтың аумағында тіркелген және қолдануға рұқсат етілген және Еуразиялық экономикалық одақ елдерінің мемлекеттік тіркеу туралы куәліктердің бірыңғай тізіліміне енгізілген, қолдану жөніндегі нұсқаулықтарда вирустық инфекциялар кезінде объектілерді заарсыздандыру режимдері көрсетілген дезинфекциялау құралдары қолданылады, олар мынадай еселікте: санитариялық тораптар (eden, санитариялық-техникалық жабдық, оның ішінде крандардың вентильдері, унитаздың бөшкелерін түсіру) және сүйеніштер күніне 3 рет өндөледі.

4-тaraу. Крематорийлер мен колумбарийлерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар.

Ескерту. Қағидалар 4-тараумен толықтырылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 21.04.2025 № 39 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекшімен.

34. Колумбарийлер мен қайтыс болған адамдардың күлі бар урналарды жерлеуге арналған қайғы қабырғаларын арнайы бөлінген жер участекелеріне орналастырылады. Колумбарийлер мен қайғы қабырғаларын зираттар аумағынан тыс жерлерде тұрғын үйлерден, емдеу, балалар, білім беру, спорттық-сауықтыру, мәдени-ағарту мекемелерінің, бау-бақша серіктестіктерінің, коттедждік құрылыштардың, халықты әлеуметтік қамсыздандыру мекемелерінің аумақтарынан кемінде 50 м қашықтықта оқшауланған жер участекелерінде орналастыруға жол беріледі.

35. Кремациядан кейінгі қалдықтарды (кулді) урналарға жерлеуге колумбарийлерде және қабірлерде жүзеге асырылады.

36. Крематорийлер және колумбарийлер құрамында үй-жайлардың мынадай топтары көзделеді:

1) тамбуры, вестибюлі, тоқазытқыш камерасы бар қайтыс болған адамдарды қабылдау үй-жайлары және қайтыс болған адамдарды кремациялауға дейін сақтауға арналған үй-жайлар;

2) қайтыс болған адамдарды кремациялауға, кремация залы, кремацияланған қалдықтарды өндөу үй-жайы, күлі бар урналар қоймасы, газ тазарту үй-жайы, жәндеу шеберханасы, инженерлік-техникалық қызмет үй-жайлары, санитариялық-техникалық үй-жайлары, демалыс және психологиялық тұрғыдан жеңілдену бөлмесі бар өндөуге және сақтауға арналған үй-жайлар.

37. Крематорийлердегі кремациялық пештердің саны аза тұту рәсімдерінің санына, халықтың өлім-жітіміне байланысты анықталады. Крематорийдің өткізу қабілеті орташа есеппен бір кремациялауға бір сағат есебінен анықталады.

Крематорийдің салт-жоралар және қызмет көрсету бөліктерінің құрамында мынадай үй-жайлар көзделеді:

1) келушілер мен персоналға арналған вестибюль, санитариялық тораптары, қосалқы және көмекші үй-жайлары бар кіру тобы;

2) аза тұту (салт) залы, шлюзі, патолог-анатом кабинеті, медициналық, қосалқы және көмекші үй-жайлары бар салт-жоралық;

3) бейімделу бөлмесі мен холлы бар үй-жайлардың шығыс тобы;

4) үй-жайлардың көлік тобы.

38. Жерлеуге қатысатын адамдарға арналған үй-жайлар қызмет көрсетуші персоналдың жұмысына арналған үй-жайлардан оқшауланады және олардан

санитариялық тораптар үй-жайларының және желдеткіш камераларының (желдеткіш қондырғылар) дыбыс оқшаулауын қамтамасыз етуі керек.

39. Крематорийлердің ғимараттарында ірі көлемді бөлшектер мен басқа да жабдықтарды сақтауға арналған қойма үй-жайлары бар шаруашылық ауласы көзделеді.

40. Крематорийлердің құрамына кіретін барлық үй-жайларды механикалық ынталандырумен жабдықтау және шығару желдегу жүйелерімен жабдықталады. Ауаны қайта өндөу жүйелерін қолдануға жол берілмейді.

41. От жағумен (кремациялаумен) айналысатын адамдар:

1) сіреспе мен сібір жарасына қарсы егіледі;

2) жеке қорғаныш құралдарымен – арнайы киім мен арнайы аяқ киім жиынтығымен (резенке етік, резенке қолғап, респиратор немесе ауыз бен мұрынды жабатын дәке таңғыш, комбинезон) қамтамасыз етіледі.

42. Үй жағдайында арнайы киімді жууға және залалсыздандыруға және жөндеуге тыйым салынады, ал жұмыс жүргізу кезінде қолданылатын құрал зираттан тыс жерге шығарылмайды.

43. Ғимараттар мен құрылыштардың үй-жайлары таза ұсталады. Үй-жайларды ылғалды жинау жинау күніне кемінде бір рет жүргізіледі.

44. Ғимараттар мен құрылыштардың үй-жайларын жинауға арналған жинау мүкәммалын (шүберек немесе шаруашылық сұлықтар, шелектер, щеткалар, сұрткіштер және басқалар) сақтауға мынадай талаптар қойылады:

1) таңбалалардың болуы;

2) катан түрде қолданылу мақсатына сай пайдаланылады;

3) пайдаланылғаннан кейін жуғыш заттармен ыстық сумен жуылады және кептіріледі;

4) арнайы бөлінген орындарда (үй-жайларда), шкафттарда, сөрелерде немесе арбаларда рет-ретімен сақталады.

45. Арнайы киім жеке киімнен бөлек арнайы киім мен арнайы аяқ киімге арналған киім іletін орындарда шкафттардың таңбаланған бөлімшелерінде сақталады.

46. Арнайы киімді жуу және жөндеу ластануына және тозуына қарай орталықтанып, бірақ айына 1 реттен сиретпей жүргізіледі.

Инфекциялық аурулар мен аса қауіпті инфекциялардың таралу тәуекелін болдырмау мақсатында арнайы киімді залалсыздандыру Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 29 шілдедегі № ҚР ДСМ-68 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28977 болып тіркелген) "Дезинфекция, дезинсекция мен дератизацияны ұйымдастыруға және жүргізуға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына сәйкес әрбір қолданғаннан кейін жүргізіледі.

47. Санитариялық-тұрмыстық үй-жайлар олардың құрылғысы, жабдығы және шығыс материалдарымен қамтамасыз етілуі қолжуғышы бар киім іletін орындарды,

дәретхананы, жұмысшыларды жылытуға, арнайы киімді кептіруге арналған үй-жайларды, тамақтану бөлмесін қоса алғанда жерлеу орындарында және крематорийлерде жұмыс істейтіндердің санына сәйкес келеді.

48. Тамақтану бөлмесі (бар болса) гигиеналық жабыны бар үстелдермен, орындықтармен (орындықтармен), ыдыс-аяқты сақтауға арналған жиһазбен, ыстық және салқын су жеткізілетін раковинамен, ауызсу сапасындағы сумен (ыдыстарға құйылған суға рұқсат етіледі), тоңазытқышпен жабдықталады. Электр шэйнектері мен қысқа толқынды пештерді пайдалануға рұқсат етіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК